

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 желтоқсандағы N 1286 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 225 (2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 6, 58-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесінде:

4 - 1 - т а р а у д а :

56-6-тармақтың 1) тармақшасында:

бесінші абзац "техникалық қызмет көрсету" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ дауыс беруге арналған мүкәммалды сатып алу және дайындау" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы он екінші, он үшінші, он төртінші және он бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"компьютерлер мен ұйымдастыру техникасына шығыс материалдарын сатып алу ;

теледидарда әлеуметтану сұраунама, сондай-ақ саяси пікірталастар өткізу; сайлауды ұйымдастыру және өткізу жөнінде оқу мен семинарлар өткізу; бейне және дыбыс роликтерді, оқу фильмдерін дайындау, оларды бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру;".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі